**Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қараша N 1373

Республиканың қорғаныс және құқық қорғау органдары мекемелерін материалдық ресурстармен, сондай-ақ олардың қысқа дайындығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Акционерлік қоғамдардың салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша жалпы сомасы 140149 мың (жүз қырық млн. жүз қырық тоғыз мың) теңге берешекті қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлер бас басқармасының, Республикалық ұланның және Мемлекеттік тергеу комитеті мекемелерінің мұқтаждары үшін оларға материалдық ресурстар беру жолымен өтеу туралы акционерлік қоғамдардың ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектері бар акционерлік қоғамдар арасындағы республиканың қорғаныс және құқық қорғау органдары мекемелеріне материалдық ресурстар беру бойынша олардың шарттық міндеттемелерін орындау шаралары жөніндегі берешектеріне есептеме жүргізсін.

Аталған сомалар акционерлік қоғамдардан алынған материалдық ресурстар құнының мөлшеріне, республика қорғаныс және құқық қорғау органдарының, осы қаулының 1-тармағында санамаланған тиісті мекемелерін қаржыландыру есебіне есептелсін.

3. Берешекті есептеу үстіміздегі жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 қарашадағы
N 1373 қаулысына
қосымша

Қорғаныс және құқық қорғау органдары мекемелерін қаржыландыру есебіне есептеуге қабылданатын салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар кәсіпорындар мен ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

| Кәсіпорындар мен ұйымдардың атауы, салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер | Есептеуге қабылданатын берешек сомасы: Барлығы | Оның ішінде мыналар бойынша: Қорға. ныс министр. лігі | Ішкі әскер. лер. дің бас бас. қарма. сы | Респуб. ликалық ұлан | Мем.шека. ра күзеті жөніндегі мемкоми. теті | Мемлекет. тік тергеу комитеті |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| "Арай" акционерлік қоғамы, Павлодар қ. | | | | | | |
| Барлығы | 45590 | 45590 | | | | |
| оның ішінде қосылған құнға салынатын салық | 34092 | 34092 | | | | |
| заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы | 3586 | 3586 | | | | |
| Экономиканы жаңғырту қоры | 7912 | 7912 | | | | |
| "Павлодар картонру. бероид заводы" акционерлік қоғамы, Павлодар қ. | | | | | | |

Барлығы 23371 23371
оның ішінде қосылған
құнға салынатын
салық 23371 23371

"Жылуэнергияжабдығы"
акционерлік қоғамы,
Павлодар қ.
Барлығы 43000 43000
оның ішінде қосылған
құнға салынатын
салық 36835 36835
заңды тұлғалардан
алынатын табыс
салығы 6165 6165

"Екібастұзэнергия.
қорғау" акционерлік
қоғамы
Барлығы 15000 15000
оның ішінде қосылған
құнға салынатын
салық 11194 11194
заңды тұлғалардан
алынатын табыс
салығы 3806 3806

"Медтехника"
акционерлік қоғамы,
Алматы
Барлығы 8000 2000 6000
оның ішінде қосылған
құнға салынатын
салық 8000 2000 6000

"Көкшетау" Бизнес
Мұнай" акционерлік
қоғамы
Барлығы 756 756

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы | 756 | | | | | 756 |
| "Қазаққөліктехмонтаж" акционерлік қоғамы, Ақмола қ. | | | | | | |
| Барлығы | 4432 | | 4432 | | | |
| оның ішінде Экономиканы жаңғырту қоры | 4432 | | 4432 | | | |
| ЖИЫНЫ | 140149 | 126961 | 4432 | 2000 | 6000 | 756 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК